

0103000 Дене тәрбиесі және спорт мамандығы бітіруші курс білім алушыларының мемлекеттік қорытынды аттестаттау бойынша есебі.

«Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі» ЖШС Дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы 63 студент мекеме басшысының бұйрығымен мемлекеттік қорытынды аттестаттау тапсыруға жіберілді. Жіберілген студенттердің үлгілік жұмыс оқу бағдарламасы бойынша оқылатын пәндері, оқу кестесі, оқу тәжірибелік, педагогикалық, диплом алды оқу өндірістік іс – тәжірибе құжаттары колледж ережесіне сәйкес толтырылып, тексеріліп, пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар оқу бағдарламаларына сәйкес: бірнеше арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша сұрақтарды қамтитын ауызша, кешенді емтихан нысанында өткізілді.

Дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттауға төрағалық етуге 13 – 25 маусым аралығына шақырылып, барлық оқу құжаттары мен танысып шыққаннан кейін мемлекеттік стандартқа сәйкес Дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша мемлекеттік емтихан кешенді түрде арнайы пәндер бойынша кешенді емтихан (дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі, қозғалмалы ойындар және оқыту әдістемесі, жүзу және оны оқыту әдістемесі, шаңғы спорты және оны оқыту әдістемесі, коньки спорты және оны оқыту әдістемесі, гимнастика және оны оқыту әдістемесі, жеңіл атлетика және оны оқыту әдістемесі, спорттық ойындар және оны оқыту әдістемесі, туризм, емдік дене тәрбиесі және массаж, білім алушының таңдау пәні), жалпы кәсіптік пәндер бойынша кешенді (спорт психологиясы, педагогика, тәрбие жұмысының әдістемесі, дене тәрбиесі және спорт менеджменті, анатомия, физиология және дене шынықтыру гигиенасының негіздері, интерактивті технологияны пайдалану) пәндерінен кешенді емтихан» оффлайн түрінде өтті. Емтихан тапсыруға жалпы бұйрықта көрсетілген 63 студенттен 52 студент қатысты. 10 студент белгісіз себептермен емтиханға келмеді, 1 студент 16.06.2022ж №82 бұйрықпен оқудан шығарылды. Жұмысым барысында теориялық және практикалық білімдерінің тереңдігін Сопиева Умида, Жахан Жарас, Калыков Темірлан деген студенттер «өте жақсы» екенін көрсетті.

Арнайы пәндері бойынша кешенді емтиханды 52 студент сәтті тапсырып, орташа 3,9 деген нәтиже көрсетті. Үлгерім көрсеткіші 82,5% пайызды құрайды.

Жеке пәндер әдістемелерінен кешенді емтиханды 52 студент сәтті тапсырып, орташа 3,9 деген нәтиже көрсетті. Үлгерім көрсеткіші 82,5% пайызды құрайды.

Қорыта айтқанда, «Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі» ЖШС жеке мекемесі Дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша бітіруші курс

студенттерінің біліктілік беру мақсатында ұйымдастырылған мемлекеттік қорытынды аттестаттау емтихандардың нәтижесі бойынша күндізгі оқу нысанында 52 студентке 0103000 Дене тәрбиесі және спорт мамандығы 0103023 Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі біліктілігі берілді.

Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі әкімшілігі тарапынан студенттерге болашақ мамандықтары бойынша сапалы да саналы білім беріліп, оларға болашаққа үлкен жол ашу мақсатында жоғары оқу орындарына түсуге, жеке кәсіпшілікпен де шұғылданса жеміс жейтін, кез келген оқу өндірістік мекемеде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін білім ошағымен қамтамасыз етті.

Келешекте бұл студенттер биіктерден көрінеді деп ойлаймын.

Мемлекеттік емтихан төрағасы
М.Г.Гусейнов